

DOI 10.54596/2958-0048-2024-1-161-167

ӨОЖ 659.131.23

ҒТАМА 17.71.91

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Кошанова Ж.Т.¹, Бердімұрат Қ.¹

^{1*}М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл, Қазақстан Республикасы

*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада қазақтың поэзия әлеміне 80 жылдардың ортасында келген акын – Жанат Әскербекқызы поэзиясының көркемдік ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан қарастырылады. Жанат Әскербекқызының жеке жазу стилі және өлең жазу өнеріне әкелген жаңалықтары талданып сараланады. Акын өлеңдерінің тақырыптары, негізгі идеялары анықталады. Жанат Әскербекқызының өлеңдерінің тақырыптары туған жеріне, табиғат, отбасы, тарихи өлеңдер және «Білге қағанның Күлтегінді жоқтауы», «Кеудесін жарған керімсал» және т.б. топтарға арналғандығы көрсетіледі және көркемдегіш құралдардың қолдану ерекшеліктері сипатталады. Сөз шебері мен білікті педагогтың еңбектеріндегі фольклорлық және мифологиялық элементтердің поэтикалық сыр-сипаты сараланып, қолдану реті мен мағынасы айқындалады. Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы мәдени, ұлттық құндылықтар зерделеніп, қазақ поэзия өнерін дамытудағы үлесі туралы қорытынды ой айтылады.

Түйінді сөздер: поэзия, лирика, фольклор, мифология, көркемдік ерекшелік, құндылық, рухани, отансүйгіштік.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭЗИИ ЖАНАТ АСКЕРБЕКОВНЫ

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Кошанова Ж.Т.¹, Бердімұрат Қ.¹

^{1*}Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Петропавловск, Республика Казахстан

*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

Аннотация

В статье научно рассматриваются художественные особенности поэзии акына – Жаната Аскербековны, пришедшей в мир казахской поэзии в середине 80-х годов. Анализируется личный стиль письма Жаната Аскербековны и новости, которые привели к искусству написания стихов. Определяются темы, основные идеи стихотворений поэта. Темы стихотворений Жаната Аскербековны отражаются на родном крае, природе, семье, исторических стихах «Білге қағанның Күлтегінді жоқтауы», «Кеудесін жарған керімсал» и др., и описываются особенности применения художественных средств. Дифференцируется поэтический характер фольклорных и мифологических элементов в трудах мастера слова и квалифицированного педагога, определяется порядок употребления и значение. В творчестве Жаната Аскербековны изучаются культурные, национальные ценности, высказывается заключительная мысль о вкладе в развитие казахского поэтического искусства.

Ключевые слова: поэзия, лирика, фольклор, мифология, художественная специфика, патриотизм.

ARTISTIC FEATURES OF ZHANAT ASKERBEKOVNA'S POETRY

Kadyrov Zh.T.¹, Koshanova Zh.T.², Berdimurat K.³

¹*M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan*

^{*}*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru*

Abstract

The article scientifically examines the artistic features of the poetry of akyn – Zhanat Askerbekovna, who came to the world of Kazakh poetry in the mid-80s. The personal writing style of Zhanat Askerbekovna and the news that led to the art of writing poetry are analyzed. The themes and main ideas of the poet's poems are determined. The themes of Zhanat Askerbekovna's poems are reflected in her native land, nature, family, historical poems and groups "Kultegin mourning Bilge Kagan", "kustik birgen kerimsal", etc., and the features of the use of artistic means are described. The poetic character of folklore and mythological elements in the works of a master of words and a qualified teacher is differentiated, the order of use and meaning are determined. In the work of Zhanat Askerbekovna, cultural and national values are studied, and a final thought is expressed about the contribution to the development of Kazakh poetic art.

Keywords: poetry, lyrics, folklore, mythology, artistic specificity, patriotism.

Кіріспе

Бүкіл әлемге танымал ирландық ағылшын жазушысы, кейінгі Виктория кезіндегі драматургияның белгілі өкілі Оскар Уайльдтың атағын бүкіл әлемге паш еткен «Дориан Грейдің портреті» атты еңбегінде ақындық туралы: «Ұлы ақын, шын мәніндегі ұлы ақын, тіршіліктің әр тамырын сезінуге құштар. Ал екінші сорттағы ақындар өмірдің тамаша білгірі боп шығады. Өлеңдері неғұрлым әлсіз болса, мәнерлері мен сырт келбеттері сондай мінсіз. Егер нашар сонеттері жарыққа шыққан ақынды оқысаңыз, келбетін көрмесеңіз де, өмірде көзтартарлық сұлу екеніне сене беріңіз. Олар сонеттеріне енгізе алмаған поэзияны өмірлеріне енгізеді. Ал ұлы ақындар өмірде жүзеге асыруға батылдары жете бермейтін поэзияны қағаз бетіне төгеді», - деп жазылған, яғни өзін ұлы деп санайтын ақын өлең жазғанда бүкіл бес сезім мүшесі арқылы әлемді танып, содан шабыт алып, қағаз беттеріне өмірде болып жатқан батыл да еркін сезімдерін оқырмандарының жүрегіне жеткізу мақсатында сан қилы тәсілдерді қолдану арқылы түсіреді [1, 72].

Ақынның қаламынан туатын туынды ол – поэзия. Поэзия – бейкам көңілді терең ойға шомдыратын да, мұңайғанның көңіліне қуаныш сермейтін те, бақыттының көңіліне қара төндіретін де күшке ие. Абай атамыз: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деп айтқандай, сөздің інжі-маржанынан сүзілген поэзия әрбір адамның ыстық қаны тасыған жүрегін бұрынғы заманнан бері жаулап келе жатқаны барлығымызға анық және де өлең мазмұнында жаныңды тебірентер, ляззатқа бөлер күш тұрғанда сол сөз патшалық тағын ешкімге де, ешнәрсеге де айырбастамас қазақ елінің болмысы анықталады [2, 20].

Қазақ елі «өлең» десе, ішкен асын жерге қояры барлығымызға мәлім. Сондықтан қазақ әдебиетінің поэзия шыңына шыққан, қанаттарын биікте сермеген қаншама ұлы ақын-жазушылар бар. Поэзияның атасы Хакім Абайдан бастап, Мағжан, Сұлтанмахмұт пен Сәкеннің жолын жалғастырған Мұқағали, Жүмекен, Қадыр, Фариза, Күләш, Мұхтарлардың жолын қуған, қазақ поэзиясының қызыл гүлі атанған Жанат Әскербекқызы да осы бір үлкен дарын иелерінің шоғырынан өзіне тиісті бөлек орынды иемденіп отырғаны да рас. Алты Алаштың жүрегін жаулаған поэзия патшайымы Фариза Онғарсынова бастаған ақын қыздар көш керуенінің басында тұрған, тамылжыған табиғат сұлулығымен танымал Тарбағатайдың әйгілі тумасы Жанат өлең жазу арқылы поэзияның дәстүрі мен салмағын меңгеріп, ақындық шыңға көтерілуін, поэзиясының

ерекшелігі мен мазмұнын анықтап зерделеу біздің мақаланы жазудағы басты бір мақсаттарымыздың бірі болып отырған-ды.

Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызы 1966 жылдың 1 қаңтарында табиғаты шырайлы, жері құнарлы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы Қарасу атты ауылда білімді, көзі ашық, көкірегі ояу мұғалімдердің отбасында дүниеге келген. Жанат Әскербекқызы өзінің балалық шағы өткен өлке туралы: «Әке-шешем «Құйған» атты ауылға көшкен кезде, мен небәрі 6 айлық нәресте болғанмын. Менің есімде ертегідей қалған жер ол – шешемнің туған жері Марқакөл. Марқакөлдің табиғатын, сұлулығын нағашы апам тамсанып айтатын. Тұтастай, Шығыс өлкесі санамда бір ертегі, киелі, жақсы көретін және қастерлеген әлем болып қалған», – дегендей, өз жерін қастерлеп, сүймеген тұлғадан аса талантты суреткер шықпас еді [3].

Зерттеу әдістері

Жанат Әскербекқызының көптеген өлеңдері өзінің туған жеріне арналып жазылған. Мысал ретінде, жалпы білім беретін мектеп ордасын бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түскендегі, елінен жырақ кеткен студенттің өзінің өлкесі туралы жазған «Ауылдан аттанғанда» атты өлеңіндегі:

*Кеудемнен шырқыратып жанымды үзіп,
Ақ сағымда барады ауыл жүзіп.
Жүрегімді шеңгелдеп қысып алып,
Тамырымда ойнайды қаным қызып.
Аппақ болып алдымнан таң келеді,
Таңмен бірге тіршілік сәнденеді.
Өлеусіреп аспанда ай қалыпты,*

Ұмыт қалдырғандай-ақ әлденені, – жолдар туған елі мен отбасына деген сағынышты көрсетеді [4, 14]. Бұл өлең қара өлең ұйқасымен жазылған, көркемдегіш құралдар ретінде эпитет, тенеуді қолданған. Осы жастық шағында жазылған өлең арқылы біз Жанат Әскербекқызының жас кезінен бастап сөз саптауы мен сипаттауы өте ерекше болғанына көз жеткіземіз. Қандай он тоғыз жасар студент *«кеудемнен шырқыратып жанымды үзіп»*, *«жүрегімді шеңгелдеп қысып алып»*, *«тамырымда ойнайды қаным қызып»* деген адамның сезімдерін керемет бейнелеп, әсем әрі әдемі суреттей алады? Осы кезден-ақ ақын қыз өзінің жазу стилінің ерекшелігін көрсете алуымен қатар, ешкімге ұқсағысы келмейтін жаңа ырғақ пен сезімдерді жеткізудің жаңа формасын іздеуін бастағанын байқаймыз. Әрбір адам үшін өзінің шаңырағынан, ата-анасынан, туған өлкесінен жырақ кету өте қиынға соғады. Жоғарыда көрсетілген өлең жолдарын оқи отыра, көз алдыға ауылдағы бейкам, тыныш тіршілік елестеп, таң атысымен әрбір адамның айналысып жатқан іс-әрекеттері, сен өзің бір жолға шыққаныңнан жалғыздықты сезінесің. Сондай сағыныштың мұңын көз алдымызға елестетіп, жүрегімізді елжірету әрбір ақынның қолынан келе бермейтін іс.

Зерттеу нәтижелері

1982-1987 жылдар аралығында сол жылдардағы еліміздің астанасы Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) филология факультетінде білім алады. Он алты жасында өзі армандаған университетке түсіп, білім алуға деген құштарлығы мен сөз өнері және өлең жазуға деген іңкәрлығы арқылы жоғары білім ордасын жақсы бітіреді. Міне осы университет қабырғасында жүріп, көптеген зиялы, білікті ұстаздардан білім алып, сол кездегі Фариза Онғарсынова, Мұхтар Шаханов, Күлаш Ахметова сынды қазақтың бетке ұстар ақындарының алдында өзінің өнерін паш етіп, талай рет ақ жол

тіленген баталар алуы – жас таланттың қанатын жігерлендіріп, шабытын оятып, сөз өнерінде өзіне лайықты теңдесіз орын мен өз жолын табуға септігін тигізгені айдан анық.

Қазіргі таңда Жанат Әскербекқызы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының докторы. Жанат Әскербекқызы тек қана ақын ғана емес, сонымен қатар зерттеуші-ғалым, шәкірттердің білім жолына деген құштарлығын оятатын ұстаз, орыс, жапон, тәжік ақындарының еңбектерін қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы. Ақынның еңбектеріне бір көңіл аударсақ: «Ғарыш билер ғұмырымды», «Қаракөз бұлақ», «Қаңтардағы қызыл гүл», «Көктүріктер әуені», «Қаз қанатындағы ғұмыр», «Сакура гүлдегенде», «Айтамғы» атты өлеңдер жинақтары бар.

Қазақ авторларының поэзиясында осы халықтың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен көзқарастарын бейнелейтін бірегей көркемдік ерекшеліктер көрінеді. Әр ақын әдебиет әлеміне өз ойлары мен сезімдерін білдіру үшін әртүрлі стильдер мен әдістерді қолдана отырып өз үлесін қосады. Қазақ авторларының поэзиясын бірегей ететін кейбір негізгі аспектілерді қарастырып, талдап шықсақ:

1. *Эпикалық мотивтер мен ұлттық тарих*: көптеген қазақ ақындары өз халқының бай тарихы мен эпикалық мотивтеріне жүгінеді. Бұл ұлттық батырларды, аңыздар мен мифтарды өлең шумақтарында қолданудан көрінеді, бұл олардың поэзиясына терең мәдени контекст береді.

2. *Көркемдік ерекшеліктер мен дәстүрлі формалар*: қазақ тіліндегі өлеңдер әдетте экспрессивті құралдарды, бейнелер мен метафоралардың байлығын біріктіреді. Поэзияның дәстүрлі түрлері, мысалы, қара өлең ұйқасы өлең құрылымындағы сезімталдық пен үйлесімділікті жеткізу үшін қолданылады.

3. *Табиғатқа үндеу*: Қазақстан түрлі ландшафттарымен қазақ ақындарының дүниетанымына әсер етеді. Олардың көпшілігі өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббатты бейнелеу мен адамның қоршаған әлеммен байланысын көрсету үшін табиғат бейнелерін пайдаланады.

4. *Бостандық пен тәуелсіздік тақырыбы*: қазақ авторларының поэзиясы көбінесе бостандық пен тәуелсіздікке деген ұмтылысты көрсетеді. Бұл, әсіресе, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрес тарихына арналған өлеңдерде айқын көрінеді. Мәселен, XVIII-XIX ғасырда жазылған өлеңдер.

5. *Қазіргі заманғы тақырыптар және әлеуметтік-мәдени өзгерістер*: қазіргі кезде қазақ ақындары әлеуметтік-мәдени өзгерістерге, технологиялық прогреске және жаһандануға байланысты өзекті тақырыптарға да назар аударады. Бұл олардың шығармашылығына заманауи және жан-жақты әсер береді.

Дүниедегі бар құбылысты, сезімдерді, жағдай-жайттарды адамзат санасына жеткізудің бірталай жолдары бар, бірақ соның ішінде ең ерекшесі мен әсерлісі – өлең. Бірақ сол сезімдерді білдіру үшін ақыннан сөз саптау шеберлігі мен сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелеу қабілетінің жоғары болуын талап етеді. Осындай шеберлікті жоғары деңгейде меңгерген қызыл тілді Жанат Әскербекқызының жазу тілі көркем. Жанат Әскербекқызының өлеңдерінің тақырыптарына қарай мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

1. *Туған жеріне арналған өлеңдері* – «Ауылдан аттанған», «Марқакөл» және т.б.
2. *Табиғатқа байланысты шығарылған өлеңдері* – «Жапырақ кешкен сары күз», «Естідің бе ақпан әнін» және т.б.
3. *Отбасыға арналған өлеңдер* – «Ақ маралым, аңғалым», «Сенің ғана демеріңе сенгім кеп...» және т.б.

4. Тарихи өлеңдері – «Көне Ғұн тауын аңсадым, аға», «Білге қағанның бақұлдасуы» және т.б.;

5. Фольклорлық сарындағы өлеңдері – «Білге қағанның Күлтегінді жоқтауы», «Кеудесін жарған керімсал» және т.б.

Жанат Әскербекқызының поэзиясының ерекшеліктеріне келер болсақ, біріншіден, көптеген өлеңдерінде мифологиялық көрініс басымырақ; екіншіден, ақын өзін гүлге, сонымен қатар Ай-ға теңейді; үшіншіден, 90 пайыз өлеңі қара өлең ұйқасымен жазылған; төртіншіден, өлеңдерін оқи отыра Ж.Әскербекқызы тарихты жақсы білгеніне көз жеткіземіз. Ал енді осы әрбір ерекшеліктерді Жанат Әскербекқызының жазу стилінің ерекшелігі деп алып отырғанымызды дәлелдесек:

1. Мифологиялық көрініс. Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде «миф» терминіне мынадай түсініктеме беерді: «Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер (аңыз-әңгімелер). Басқаша айтқанда, миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі». «Қаз қанатындағы ғұмыр. Қорқыт» өлеңіндегі:

*Қаз қанатына қолым жетпеді
Қорқыттан үркіп қаңқылдап ұшқан.
Ойымнан үрей... өлім кетпеді,
Құлағым тұнды қарқыл-дауыстан.
Қобыздың үні күңіренеді,
Қорқыт-арманды шер қылып төгіп.
Қаз қанатына ғұмыр ереді,*

Үміт, күдікті тең қылып керіп, – атты үзіндіге мән берер болсақ, Қорқыт өмірде болған тұлға болғанымен, оның қобыз тартып отырып, дүниеден өтті деу – бұл мифологиялық образ [4, 9]. Егер де осы өлең жолдарындағы көркемдік ерекшелігіне келер болсақ, өлең қара өлең ұйқасымен жазылған. Сонымен қатар, өлең мағынасына мән беріп қарасақ, ақынның сезіну және ойдан шығару дәрежесі жоғары екендігін байқаймыз. «Қорқыт – арманды шер қылып төгіп» деген жолға мән беретін болсақ, Қорқыт өмір сүрген кезде мәңгілік өмірді аңсаған адам болып суреттеледі. Осы жерле Жанат Әскербекқызының орындалмас арман мен сол орындалмайтын арманға Қорқыттың өмірінің соңына дейін еруін, сонымен қатар нағыз қазіргі өмірмен параллельді түрде ұқсастықтарын көрсетіп бейнелеуі – шеберліктің биік шыңы.

2. *Ақынның өзін гүлге немесе Ай-ға теңеуі*. Ақын «Іздеме мені...» атты өлеңінде:

*Іздеме мені, сен үшін енді жоқпын мен,
Нәп-нәзік жанды бөлісіп кеттім шоқ гүлмен.
Ақша бұлт болып, төбеңде сәл-нәл аялдап,
Мөп-мөлдір тамшы жасымды төгіп өттім мен.
Көктем-ді онда, жап-жасыл беткей нұр тұнған,
Шабыттан гүлдер ұшуға көкке ұмтылған.
Қызыл қырқадан сен жаққа мен де көз тіктім,*

Көктем желімен ырғала тұрып гүл-тұлғам, – «нәп-нәзік жанды бөлісіп кеттім шоқ гүлмен», «қызыл қырқадан сен жаққа мен де көз тіктім» деген жолдарды өзін нәзік, қызыл гүлге теңейді [4, 67 б.]. Бұл өлеңінде автордың жауапсыз, соңы қайғымен біткен махаббаты туралы суреттелген. Ақын табиғат құбылыстарын және де өсімдіктерді

қолдану арқылы жан дүниесіндегі бытыраңқылықты, қайғыны, жақын адамымен қоштасуға деген нақты шешімін шебер түрде суреттейді.

*Ай туыпты азарып,
Айтылады-ау бір арман.
Жандағы мұң жаңарып,
Қолын бұлғап тұр алдан.*

Ай жылады, білдің бе? – деген үзінді «Ай туыпты тігінен...» атты өлеңінен алынған [4, 95 б.]. Бұл жерде де автор өзін айға теңеп, жақсы көрген адамының барлық қалауын істегені, сол адамның барлық арманын орындауы, бірақ ең соңында сол махаббат өзіне қайта келмеуіне байланысты қайғыруы бейнеленеді. Қазақ халқының түсінігі бойынша, ай – тазалықтың, тәкаппарлықтың, жалғыздықтың бейнесі. Мүмкін, автор өзін жалғыздықта сезінгендіктен өзін-өзі «Ай-ға» теңеген болар.

3. *Қара өлең ұйқасы.* Біздің байқауымызша, автордың көптеген өлеңдері қара өлең ұйқасымен жазылған. Қазақ поэзиясының өкілдерінің көбі қара өлең ұйқасымен жазады. Автордың «Өртеңге өскен гүл едім...» өлеңінде:

*Өртеңге өскен гүл едім,
Өксумен семіп, жүдедім.
Тірліктің уын татумен,
Қуарып кетті реңім.
Түнерген мұңлы түн едім,
Түнере жүріп, түледім.
Жұлдызға жанып сезімді,
Төзімді айға біледім.
Асқақ шың болса ұлы едім,*

Шыңға өскен шынар бірі едім, - өзін гүлге теңеп, гүл бейнесі арқылы өзінің жан дүниесін қинаған сезімдерімен бөлісіп, мына қу дүниеде қиналып, мұңын қағаз беттеріне шағып отырған әйел адамының бейнесін осы өлең жолдарынан байқаймыз [4, 106 б.]. Сонымен қатар, осы өлең де қара өлең ұйқасымен жазылған.

4. *Ақынның тарихты жақсы білуі.* Жоғарыда атап өткеніміздей, Жанат Әскербекқызының көптеген өлеңдері тікелей тарихқа байланысты жазылған. Гүлдей ақын қыз тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға байланысты және оларды қатыстырып көптеген өлеңдер жазған. Мысалы, «Қазақтық пен азаттық», «Желтоқсан...», «Тастағы таңба», «Алты Алаштың ұлынан» және т.б. Осы өлеңдерді оқи отыра, Жанат Әскербекқызының әрбір салада білімі жоғары екенін түсінеміз. Біздің ойымызша, ақынның өз өлеңдеріне тарихты негіз ретінде алып, сол тақырыпта көптеген мәселелерді көтере білуі – автордың зерттеушілік, ғылыми еңбектер жазуында. Себебі, ғылыми еңбек тек нақтылықты қажет етеді. Ақындардың табиғаты сезімге толы болып келетіндігін естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан да, ақынның сезімталдылығы пен нақтылығын қосқанда Жанат Әскербекқызының басқа бір болмысы, шығармашылық болмысы туындайды.

Қорытынды

Мақаламызда заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың: «Ақын еңбегінің жалғыз өлшемі – оның адам жүрегіне қанша жақындай алғаны» [5], - деген нақыл сөзін негізге ала отырып, мақаламызды қорытындыласақ.

Жанат Әскербекқызының қазақ поэзия өнерін дамытудағы үлесін қаншама көп деп айтсақ та, ол аз болады. Себебі, ақынның әрбір өлеңі оқыған қалың қазақтың жүрегінің түкпірінен ерекше орын алуда. Әрбір адам ақынның өлеңдерінен өзіне керегін ала алады,

сонымен қатар жаңа нәрселерге де үйренеді. Ақын өлеңдері адамның жасын талғамайды, барлық өлеңі бүкіл адамның түсінуіне оңай, тілге ықшамды, тез есте сақталады. Міне, сондықтан Жанат Әскербекқызының поэзиясының көркемдік ерекшелігі осында деп нық сеніммен айта аламыз.

Әдебиет:

1. Оскар У. Дориан Грейдің портреті. – Алматы: Мазмұндама, 2023. – 304 б.
2. Құнанбайұлы А. «Өлең сөздің патшасы...». Таңдамалы өлеңдері: Жинақ / Құрастырған Ғ. Мұқанов. – Алматы: Евразия, 1995. – 184 б.
3. Әскербекқызы Ж. Миф дегеніміз ежелгі поэзия. – Ардың ісі. - https://youtu.be/bsMy09_tQdg?si=wxC9ykUqRKfnQhmu
4. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 бет.
5. Кекілбаев Ә. Үлкен жүрекке ие ақын – ақын! - https://adebiportal.kz/kz/news/view/ebis-kekilbaev-ulken-zurekke-ie-aqyn-ulken-aqyn__2957

Abstract:

1. Oskar U. Dorian Grejдің portreti. – Almaty: Mazmұndama, 2023. – 304 b.
2. Құнанбайұлы А. «Өлең сөздің патшасы...». Таңдамалы өлеңдері: Жинақ / Құрастырған Ғ. Мұқанов. – Almaty: Evraziya, 1995. – 184 b.
3. Әскербекқызы Ж. Mif degenimiz ezhelgi poeziya. – Arдың isi. - https://youtu.be/bsMy09_tQdg?si=wxC9ykUqRKfnQhmu
4. Әскербекқызы Ж. Qaz kanatyndaғы ғұмыр. Өлеңдер мен poemalar. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 240 bet.
5. Kekilbaev Ә. Ylken zhyrekke ie aқын – aқын! - https://adebiportal.kz/kz/news/view/ebis-kekilbaev-ulken-zurekke-ie-aqyn-ulken-aqyn__2957